



БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры


Б.Абдикерова
«31» 01 2022 ж.

«Болашаққа жолдама» облыстық форумының аясында өтетін «Жаңа мамандықтар атласы» бейнероликтер байқауы ЕРЕЖЕ

I. Мақсаты – Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысының үздік медиа тәжірибесін көрсету.

II. Міндеттері:

- оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша бейнересурстар жасау тәжірибесімен алмасу;
- қазіргі заманғы қоғамдағы өзекті жаңа мамандықтарды анықтау;
- жаңа мамандықтардың ерекшеліктерімен таныстыру, осы мамандық дағдыларын меңгеру үшін қажетті кейбір құзіреттіліктерді анықтау, оқушының өз қабілетіне лайықты мамандық таңдауына көмек көрсету;
- бейнероликтер альбомы блогын – кәсіптік бағдар беру аймағын жасау.

III. Форум аясындағы алаңын ұйымдастырушы: Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы.

IV. Қатысушылар: 8-10 сынып оқушылары, педагогтер, мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысын жетекшілік ететін директордың орынбасарлары.

V. Өткізілу тәртібі және мерзімі

5.1. I кезең – аудандық /қалалық: 2022 жылдың наурыз.

5.2. II кезең - облыстық іріктеу: 2022 жылдың 31 наурыз – 10 сәуір аралығында. Іріктеу кезеңіне қатысуға әр өңірден 1-2 үздік жұмыс әр бағыт бойынша жолданады.

5.3 III кезең – Республикалық «Болашаққа жолдама» форумының бірыңғай күні. III кезеңге әр бағыт бойынша 5 үздік жұмыс қатысады.

5.4 Облыстық іріктеу кезеңіне қатысушылардың жұмыстары және қатысуға өтінімдері қалалық/аудандық кезеңнің қорытындылары бойынша 30.03.2022ж. дейін umc.forum@umckrg.gov.kz электронды поштасына жіберіледі.

VI. Бейнефильмдердің ұсынылатын тақырыптары (қатысушылар өз тақырыбын ұсына алады):

- «Еңбекпен қамтудың үздік нысандары»;
- «Болашақтың күзіреттері»;
- «Болашақтың жаңа мамандықтары» (Хед-хантер, медиа-байер, бэк –офис маманы, лоббист, IT – медик, биоэтик, агроинформатик, ақылды жолдар құрылысшысы, кибер тергеуші, медициналық роботтарды жобалаушы, ұшқышсыз авиация, космогеолог, космобиолог, ғарыштық туризм менеджері, молекулярлық диетолог, желілік заңгер, прораб-вотчер, стартап менторы, майнд-фитнес жаттықтырушысы, тур-навигатор жасаушы, инфостилист, виртуальды әлем дизайнері, урбанист-эколог, жүйелік биотехнолог, ГМО-агроном және т.б.)
- «Заманауи салалық трендтер»;
- «Еңбек нарығының болашағы».

VII. Бейнематериалдарға қойылатын талаптар:

7.1. Бейнежазылым ұзақтығы 2 минут, файл форматы mp 4, көлемі – 500 мб дейін.

VIII. Бағалау критерийлері:

- ұсынылатын материалдың өзектілігі және өзіндік ерекшелігі;
- жұмыстың техникалық талаптарға сай болуы;
- жұмыс мазмұнының Форум тақырыбына сай болуы;
- жұмыстың өзіндік ерекшелігі;
- жұмыстың құрылымдық тұтастығы.

IX. Қорытындылау, марапаттау

9.1. «Жаңа мамандықтар атласы» секциясы бойынша қазылар алқасының шешімімен анықталған жеңімпаздар Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

9.2. Секцияға қатысқандар қатысушы сертификатын алады.

Өтінім

№	аудан / қала	ББҰ атауы	Аты-жөні (педагогтің)	Аталым (номинация)	Жұмыстың атауы	Байланыс телефоны, email

**Іс-шараға қатысты мәселелер бойынша ОӘО, №309-кабинет.
(Қарағанды қ., С.Сейфуллин көшесі, 8/2), тел. 50-63-16**

КЕЛІСІЛДІ

Копбаева Г.С., ББД ОӘО директорының орынбасары
Аринов Е.Р., ББД ОӘО директорының орынбасары
Мукашева Г.Г., МДЖЖОББ бөлімінің меңгерушісі